

## Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2005 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы жай-күйі (алдын-ала деректер)

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 16 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 73 филиалы мен 75 өкілдігі бар.

10 заңды тұлға жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын лицензияларға ие, олардың 3 жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және “Қазақстан” ҰЖЗҚ АҚ-ы. Сонымен бірге “Қазақстан” ҰЖЗҚ АҚ-ның 2004 жылы инвестициялық басқаруында зейнетақы активтері болған жоқ.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетті: «Казкоммерцбанк» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» ЖАҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

### Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының саны 2004 жылы 810 121 (13,1%) өсіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 6 974 437 болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша мынадай деректермен сипатталды:

Мыналар бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.01.04ж.-ға	01.01.05ж.-ға	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 164 316	6 974 437	810 121	13,14
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	27 364	30 157	2 793	10,21
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	-	2 764	2 764	

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны: “МЖЗҚ” – 34,86%, “Қазақстан Халық Банкі” – 17,82%, “ҰларҮміт” – 14,63% және “Валют-Транзит-қор”- 7,60% немесе төрт қордың үлесіне салымшылардың жалпы санының 74,91 % келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттар “МЖЗҚ” АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 64,33 %, “ҰларҮміт”- 19,62% және “Капитал” – 9,59% немесе осы үш қордың үлесінде салымшылардың шоттарының жалпы санының 93,54 % болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” қорында ғана болды – 2 764 салымшысының дербес зейнетақы шотында 5,03 млн. теңге болды.

## Салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2004 жылы 115 641,1 млн.теңгеге (31,39%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 483 990,0 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


( млн.теңгемен)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.01.02 ж.-ға	182 383,4	69 734,0	61,90
01.01.03 ж.-ға	269 752,4	87 369,0	47,90
01.01.04 ж.-ға	368 348,9	98 596,5	36,55
01.01.05 ж.-ға	483 990,0	115 641,1	31,39

Көрсетілген кестеде жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсуі кезінде олардың өсу қарқыны жыл сайын төмендегені байқалған. Сөйтіп 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының 5,16 проценттік тармаққа төмендегені байқалды, бұл негізінен зейнетақы активтерін инвестициялаудан болған таза инвестициялық кіріс өсімі қарқынының төмендеуі есебінен болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мыналар ие: "Қазақстан Халық банкі" – 121 173,9 млн. теңге немесе 25,04%, "МЖЗҚ" – 105 717, 4 млн. теңге немесе 21,84%, "ҰларҮміт" – 85 685, 3 млн. теңге немесе 17,70% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 35 426,1 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,32% келетіндігін атап өткен жөн.

### Қорлардың 2005 жылғы 1 қаңтарға жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген таза инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2004 жылы 15 463,6 млн. теңгеге (15,58%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 114 694,1 млн.теңге болды.


Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	(млн. теңгемен)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.01.2002 ж.-ға	49 478,5	17 078,9	52,71	27,13
01.01.2003 ж.-ға	77 877,4	28 398,9	57,40	28,87
01.01.2005 ж.-ға	99 230,5	21 353,1	27,42	26,94
01.01.2005 ж.-ға	114 694,1	15 463,6	15,58	23,70

Көрсетілген кестеде ағымдағы жылдың 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша инвестициялық кірістің өсім қарқынының 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда 11,84 проценттік тармаққа төмендегені байқалды. Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 26,94%-тен 23,70%-ке немесе 3,24 проценттік тармаққа төмендеді.

2004 жылы зейнетақы жарналарының түсуі 103 901,5 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 380 073,8 млн. теңге немесе өсім 37,62% болды. Зейнетақы жарналарының 2003 жылғы ай сайынғы орташа түсуі 6,9 млрд. теңге болған кезде, 2004 жылы олар 8,7 млрд. теңге немесе өсім 26,09 % болды.

2004 жылғы қаңтар-желтосан айларындағы зейнетақы жарналарының, инвесткірістің және жинақталғ. Зейнет.қаражатының өзгеру динамикасы (айдың 1-і күні, млрд.теңгемен)



2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамау және аудармауға байланысты ұсталатын өсімпұл сомасы 2 590,3 млн. теңге болды. 2005 жыл үшін салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 1 258,3 млн.теңге немесе өсімпұлдың жалпы сомасының 48,6%-і есептелді.

**Зейнетақы төлемдері** 2004 жылы 5 585,3 млн.теңгеге (26,90%) өсіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 26 349,9 млн. теңге болды, оның ішінде 4 алушыға зейнетақы төлемдерін төлеуді жүзеге асыру үшін сақтандыру ұйымдарына жалпы сомасы 5,70 млн. теңге болатын жинақталған зейнетақы қаражаты аударылды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражаты 79 135,8 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударуға байланысты бақылау қызметін қатайтуға байланысты 2005 жылы бір қордан екінші қорға жинақталған зейнетақы қаражатын

аудару 2003 жылмен салыстырғанда 3 383,4 млн.теңгеге (16,84%) төмендей отырып, . 16 705,6 млн.теңге болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 55,98%, «ҰларҮміт» - 11,93% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,12% немесе осы үш қордың еншісінде аударылған жалпы сомалардың 77,03% келді.


Мынаны айта кету керек, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,39%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,58%, "Отан" – 0,59% және "Казакмыс" – 0,78%.

### Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі есепті жыл ішінде 115 771 млн. теңге немесе 31,40%-ке өсіп, 484 415 млн. теңге болды.

2004 жылғы 1 қаңтар мен 2005 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезеңдегі зейнетақы активтерінің орташа ай сайынғы өсуі 8,18 млрд. теңге болды.

Инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-пен
1	2	3
"ABN AMRO ASSET MANAGEMENT" ЗАИБЖАҰ" АҚ	40 827	8,43
"АБН АМРО - КаспийМунайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	35 501	7,33
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	5 326	1,10
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	41 764	8,62

"Д.А. Қонаев атындағы ашық түрдегі мемлекеттік емес Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ	1 327	0,27
"Нефтегаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	12 465	2,57
"СЕНІМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	20 758	4,29
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	7 214	1,49
<b>"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>29 742</b>	<b>6,14</b>
"Құрмет" мемлекеттік емес ашық Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ	20 898	4,31
"Отан" ашық Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ	8 844	1,83
<b>"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>12 930</b>	<b>2,67</b>
"Қазақмыс" Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ	12 930	2,67
<b>"ЖЕТІСУ" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>85 630</b>	<b>17,68</b>
"Ұлар Үміт" Жинақтаушы Зейнетақы қоры" ЖАҚ	85 630	17,68
<b>"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>20 705</b>	<b>4,27</b>
"Валют-Транзит Фонд" мемлекеттік емес Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ	20 705	4,27
<b>"НҰРТРАСТ" ЗАБК" ЖАҚ</b>	<b>11 297</b>	<b>2,33</b>
"Халық зейнетақы қоры" ашық Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ	11 297	2,33
<b>"Мемлекеттік Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>105 911</b>	<b>21,86</b>
<b>"Қазақстан" мемлекеттік емес Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>14 419</b>	<b>2,98</b>
<b>АО "Қазақстанның халық банкі Жинақтаушы Зейнетақы қоры" АҚ"</b>	<b>121 190</b>	<b>25,02</b>
<b>ЖИЫНТЫҚ:</b>	<b>484 415</b>	<b>100,00</b>

2005 жылғы 1 қаңтарда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі есепті жыл ішінде 114 369 млн. теңгеге немесе 31,21%-ке өсіп, 480 990 млн. теңге болды.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.01.2005	Жиынтық % -і	01.07.2005	Жиынтық % -і	01.01.2005	Жиынтық % -і
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	196 624	53,64	210 187	52,04	259 425	53,93
ҚР еврооблигациялары	44 926	12,26	3 494	0,87	2 524	0,52
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	65 479	17,86	71 160	17,62	79 428	16,51
Ұлттық Банктің ноттары	85 449	23,31	135 355	33,51	177 310	36,86
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	770	0,21	178	0,04	163	0,04
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	25 254	6,89	31 289	7,75	52 795	10,98
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	10 755	2,93	6 108	1,51	6 064	1,26

<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	8 805	2,4	17 363	4,3	697	0,14
<b>Шетелдік инвестициялық қорлардың пайдары</b>	0	0	0	0	121	0,03
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	109 611	29,90	126 418	31,30	153 254	31,86
Акциялар,	14 689	4,01	21 325	5,28	33 042	6,87
Оның ішінде АҚШ долларына деноминирленген облигациялар:	94 922	25,89	105 093	26,02	120 212	24,99
АҚШ долларына деноминирленген	38 670	10,55	17 871	4,42	8 901	1,85
теңгеге номинирленген	56 252	15,34	87 822	21,60	111 311	23,14
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	15 545	4,24	12 540	3,10	8 634	1,80
Акциялар	10 989	3,00	9 490	2,35	7 317	1,53
Облигациялар	4 556	1,24	3 050	0,75	1 317	0,27
<b>Жиынтық</b>	<b>366 594</b>	<b>100</b>	<b>403 905</b>	<b>100</b>	<b>480 990</b>	<b>100</b>

Келтіріліп отырған деректерден көрініп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің бөлігінде біршама үлес алды және 259 425 немесе 53,93% болды. 2004 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда МБҚ көлемі 62 801 млн. теңгеге немесе 31,94% өсті. Есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздарының көлемі 43 643 млн. теңге немесе 39,82% болды.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 109,06%-ке өсіп, 52 795 млн. теңге болды. Мынаны айта кету керек, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ екінші деңгейдегі банктерге зейнетақы активтерін тек ұлттық валютада салды.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 1,26% келді. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі көлемі 2004 жылы 92,08%-ке кеміп, 697 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 1,80% келеді.

### **2003 жылғы желтоқсан – 2004 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңдегі қорлардың нақты және номиналды кірісінің коэффициенттері туралы мәліметтер**

2003 жылғы желтоқсан – 2004 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңдегі қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірісінің орташа алынған коэффициенті 3,57% болды. Осы коэффициент 2004 жылы 3,51 проценттік тармаққа төмендеді, сонымен бірге нақты кірістің орташа алынған коэффициенті (2,94%) болды. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша 2003 жылғы желтоқсан – 2004 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңдегі құнсыздану деңгейі 106,7% болды.

ЖЗҚ бойынша таратып айтқанда нақты және номиналды кіріс коэффициенттерінің мәні туралы ақпарат [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz). Web-сайтында орналасқан.

### **Қорлардың қаржылық жағдайы**

Қорлардың жиынтықты төленген жарғылық капиталы 2004 жылы 1 368,5 млн. теңгеге (29,14%) өсіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 6 065,5 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қорлардың жиынтықты меншікті капиталы 8 107,5 млн.теңге болды. Жиынтықты меншікті капиталдың көлемі 2004 жылы 1 655,2 млн. теңгеге немесе 25,65%-ке өсті.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды 1 395,4 млн. теңге жалпы сомада немесе қорлардың меншікті капиталының көлемінің 17,21%-мен қалыптастырды.

2004 жылы «Қорғау» қорынан басқа қорлардың бәрі жалпы сомасы 540,9 млн.теңге болатын кіріс алды. Жалпы қорлар бойынша сомасы 509,7 млн.теңге болатын кіріс алынды («Қорғау» қоры жіберген 31,2 млн. теңге мөлшеріндегі зиянды шегере отырып).

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша меншікті активтер есебінен **Қорлардың қаржылық инвестициялары** 5 980,9 млн. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінің 73,77% болды. 2004 жылы қаржы инвестицияларының көлемі меншікті активтер есебінен 1 896,7 млн.теңгеге немесе 46,44%-ке өсті.

Қорлар 4 965,5 млн. теңгеге (83,02%) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарына (ҚРҰБ ноттары, Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары, акциялар және облигациялар) меншікті активтерін инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға инвестициялардың жалпы көлемінің сомасы 1 015,4 млн. теңге болды немесе 16,98%-ін орналастырды.

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің деректері бойынша.*